

**2025-2026 оқу жылындағы
психологиялық қызметтің қыркүйек айында атқарылған жұмыс
есебі**

**Педагог-психологтар: Г.С. Қазкенова
Г.С. Байрбекова
М.Қ. Қайсарбек
А.Ж. Жақсылықова**

Қараша айында педагог-психологтың жұмыс жоспарына сәйкес білім алушылардың психологиялық саулығын сақтау, қауіп-қатердің алдын алу, тұлғалық даму мен әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ету мақсатында кешенді жұмыстар жүргізілді. Жұмыс барысында диагностикалық, түзету-дамыту, профилактикалық-ағартушылық, кеңес беру және ұйымдастырушылық-әдістемелік бағыттар толық қамтылды.

I. Диагностикалық жұмыс

1. 8-сынып оқушыларына жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау үшін Айзенк әдістемесі бойынша ЕРІ жеке тұлғалық сауалнамасы жүргізілді. Диагностика барысында оқушылардың темперамент типтері, экстраверсия және интроверсия деңгейі, эмоционалдық тұрақтылығы анықталды.

Сынып	Барлығы	Толық өткен	Аяқтамаған	Қауіпсіз аймақ	1-қауіпті топ	2-қауіпті топ	3-қауіпті топ
8 «А»	23	22	1	20	1	1	0
8 «Б»	10	8	2	8	0	0	0
8 «В»	8	6	2	5	0	0	1
8 «Г»	11	9	2	8	0	1	0
8 «Ғ»	13	11	2	10	0	1	0
8 «Ә»	18	18	0	16	0	0	1
Барлығы	83	74	9	67	1	3	3

Диагностикаға барлығы 83 оқушы қатысты, оның ішінде 74 оқушы сауалнаманы толық аяқтады, 9 оқушы әртүрлі себептермен сауалнаманы толық аяқтамады.

Зерттеу нәтижелері бойынша 67 оқушының психикалық күйі қауіпсіз аймақта екені анықталды. Бұл көрсеткіш оқушылардың басым бөлігінің эмоционалдық жағдайы тұрақты екенін көрсетеді. Сонымен қатар 1 оқушы 1-қауіпті топқа (орташа қауіп деңгейі), 3 оқушы 2-қауіпті топқа (қауіп-қатер аймағы), ал 3 оқушы 3-қауіпті топқа (жоғары қауіп деңгейі) жатқызылды. Аталған оқушылармен жеке жұмыс жүргізу қажеттілігі анықталды. Қауіп-қатер аймағына түскен оқушылар бойынша жеке психологиялық бақылау ұйымдастырылып, сынып жетекшілерімен, ата-аналармен және әлеуметтік педагогпен бірлескен жұмыс жоспары жасалды.

2. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мақсатында А.Н. Волкова әдістемесі бойынша 1–4 сыныптардағы «тәуекел тобына» жататын оқушыларға диагностикалық зерттеу жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері бойынша суицидтік мінез-құлыққа бейімділік белгілері анықталған жоқ. Жеке суицид қаупі карталары толтырылды, алайда қосымша бақылауды немесе шұғыл психологиялық көмекті қажет ететін оқушылар анықталған жоқ.

3. 7–11 сыныптардағы «тәуекел тобына» жататын оқушыларға Л.Б. Шнайдер авторлығындағы «Суицид қаупі картасы» сауалнамасы қолданылды. Диагностика нәтижелері оқушылардың эмоционалдық жай-күйін, өмірге көзқарасын және қиын жағдайларда мінез-құлқын бағалауға мүмкіндік берді. Әр оқушыға жеке карта рәсімделіп, профилактикалық және түзету жұмысының бағыттары белгіленді.

Сынып	Қатысқан оқушылар саны	Суицид қаупі жоқ	Суицид қаупі шамалы	Суицид қаупі бар
9 «Ә»	1	—	—	1
9 «Ғ»	4	1	1	2
9 «В»	4	4	—	—
8 «Ә»	3	1	—	2
8 «В»	1	1	—	—
7 «А»	1	1	—	—
7 «Б»	1	1	—	—
Барлығы	15	9	1	5

Балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мақсатында Л.Б. Шнейдер авторлығындағы «Суицид қаупі картасы» сауалнамасы 7–9 сыныптардағы тәуекел тобына енгізілген оқушылар арасында жүргізілді.

Диагностикалық зерттеуге барлығы 15 оқушы қатысты. Нәтижелерді талдау барысында 9 оқушыда суицид қаупі анықталған жоқ. 1 оқушыда суицид қаупі шамалы деңгейде байқалды. 5 оқушыда суицид қаупінің бар екені анықталды.

Суицид қаупі бар және шамалы деңгейде байқалған оқушылар бойынша жеке суицид қаупі карталары толтырылып, олармен әрі қарай жеке психологиялық жұмыс жүргізу жоспарланды. Сонымен қатар сынып жетекшілерімен, ата-аналармен және әлеуметтік педагогпен бірлескен профилактикалық және түзету-дамыту шараларын ұйымдастыру көзделді.

II. Түзету-дамыту жұмысы

Мектептегі қауіпсіз ортаны қалыптастыру және оқушылардың агрессивті мінез-құлқының алдын алу мақсатында 5–7 сынып оқушыларына «Агрессорлар кімдер және оларға қосылудың қажеті бар ма?» тақырыбында психологпен әңгіме өткізілді. Әңгіме барысында агрессия ұғымы, оның себептері мен салдары талқыланып, буллингтің алдын алу жолдары түсіндірілді. Іс-шара нәтижесінде оқушылардың өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарау дағдылары қалыптастырылды.



9–10 сынып оқушыларына арналған «Өзіңді табу емес, өзіңді қалыптастыру маңызды» тақырыбында интерактивті әңгіме ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – жасөспірімдердің өзін-өзі тануына, өмірлік мақсаттарын анықтауына және болашақ мамандықты саналы таңдауға көмектесу болды. Әңгіме барысында оқушылар белсенді қатысып, өз ой-пікірлерін ортаға салды.



8–10 сынып оқушыларымен «Өз эмоцияңды қалай қабылдау керек. Мұң» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында оқушылар өз эмоцияларын тану, қабылдау және басқару жолдарымен танысты. Теріс эмоцияларды қауіпсіз әрі конструктивті түрде білдіру дағдылары қалыптастырылды. Тренинг қорытындысы бойынша іс-шараны өткізу туралы анықтама мен әзірleme дайындалды.



1–4 сынып оқушыларына арналған «Достар не үшін керек?» тақырыбында «Смешарики» мультфильмін пайдалана отырып түзету-дамыту сабағы өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты – балалардың достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы түсініктерін қалыптастыру, сынып ұжымын біріктіру болды.

III. Профилактикалық-ағартушылық жұмыс

Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында 8–10 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «Ата-аналар клубы» аясында «Менің ресурстарым» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында ата-аналарға күйзелістің алдын алу, жеке ресурстарды тиімді пайдалану және балаға эмоционалдық қолдау көрсету жолдары түсіндірілді. Нәтижесінде ақпараттық анықтама, әдістемелік әзірлеме және тіркеу парағы рәсімделді.



1–4 сынып ата-аналарына «Ата-аналарға арналған бес маңызды ескерту» тақырыбында ақпараттық парақтар таратылып, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Сонымен қатар 1 және 5 сынып ата-аналарына арналған «Мектепте үйретілмейтін, бірақ әр балаға қажет нәрселер» тақырыбында семинар өткізілді. Семинар барысында балалардың эмоционалдық интеллектін дамыту, қарым-қатынас дағдылары және өзін-өзі бағалауды қалыптастыру мәселелері қозғалды. Барлық материалдар тиісті құжаттармен рәсімделді.



IV. Кеңес беру жұмысы

Қараша айында балалардың жеке өтініштері, педагогтар мен ата-аналардың сұраныстары негізінде жеке психологиялық консультациялар өткізілді. Консультациялар барысында оқу мотивациясы, мінез-құлық ерекшеліктері, эмоциялық қиындықтар және тұлғааралық қарым-қатынас мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар әкімшілік, педагогтар және ата-аналар үшін топтық консультациялар ұйымдастырылып, психологиялық көмек көрсетілді. Диагностикалық шаралар нәтижелері бойынша балаларға қосымша жеке консультациялар берілді. Барлық консультациялар педагог-психологтың есепке алу журналына тіркелді.

V. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс

Жаңадан келген оқушылардың жеке істері жан-жақты зерттеліп, психологиялық көмекті қажет ететін оқушылардың әртүрлі санаттары бойынша (тәуекел тобы, жетім балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар) деректер банкі қалыптастырылды.

Сонымен қатар әдістемелік материалдарды, психологиялық қолдау бағдарламаларын жинақтау, жаңарту және ресімдеу жұмыстары жүргізілді. Психологиялық зерттеулердің барлық материалдары электрондық мәліметтер базасына енгізіліп, жүйеленді.